«8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
ЕЛАМАНОВА АЙНУР СУЛТАНОВНАНЫҢ
«Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмысты ғылым ретінде дамытудың стратегиялық басым бағыттарына және балалар мен аналардың құқықтарын қорғау, отбасы институтын ынғайту, отбасылық қолдауды нығайту мәселелеріне арналған отандық және халықаралық ғылыми-практикалық бағыттарға толық сәйкес келеді. Әлем бойынша жыл сайын жалғызбасты аналар санының артуы олардың қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық мәселелеріне жаһандық тұрғыдан назар аударуды күшейтіп отыр, бұл өз кезегінде ғылыми әлеуметтік проблема болып табылады. Зерттеу жұмысының мазмұнында АҚШ, Канада, Франция, Ұлыбритания, Норвегия, Дания, Польша Қытай, Ресей т.б. секілді елдердің жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау және көмек көрсету тәжірибелері талданып, олардың кейбір тиімді үлгілері Қазақстанның әлеуметтік мәдени ерекшеліктеріне бейімделу тұрғысынан қарастырылған. Жалпы алғанда, шетелдік тәжірибелер мен халықаралық ұсынымдарды ескере отырып әзірленген бұл зерттеу қазіргі таңда Қазақстанда жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу қызметтерінің жеткіліксіздігін еңсеруге бағытталған және әлеуметтік жұмысты ғылыми негізде дамытудың маңызды үлгісі болып табылады. Диссертациялық тақырыптың таңдауы әлемдік ғылыми

			үрдістермен үйлеседі және ұлттық ғылымның практикалық бағытталуын арттыруға қызмет етеді. Ізденушінің «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылып отыр. Зерттеу мазмұны Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: халықтың әл-ауқаты, инклюзия және әлеуметтік әділеттілік» бағытына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік осал топтардың бірі – жас жалғызбасты аналардың құқықтарын қорғау, оларды әлеуметтік қайта бейімдеу және қолдау тетіктерін жетілдіру мәселелері кеңінен қарастырылған. Автор ұсынған ғылыми тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар әлеуметтік жұмыстың кәсіби саласын дамытуға, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жақсартуға, және жастармен жүргізілетін әлеуметтік қызметтерді кешенді жаңғыртуға бағытталған. Зерттеудің мазмұны жас жалғызбасты аналарға көрсетілетін әлеуметтік көмек жүйесін талдаумен қатар, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың кәсіби қиындықтары, институционалдық қолдаудың әлсіз тұстары, және халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшеліктерге бейімдеу мәселелерін де қамтиды. Мұндай жан-жақты тәсіл зерттеудің мультидисциплинарлық сипатқа ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс аясында жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың инновациялық моделі негізделіп, әлеуметтік жұмыс

			теориясы мен практикасын өзара сабақтастыратын, интегративті әдіснамаға сүйенген маңызды ғылыми нәтижелер ұсынылған. Бұл – қазіргі таңда отандық ғылымда сирек зерттелетін, бірақ аса өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылуға әбден лайық. Зерттеу нәтижелері ЖҒТК белгілеген әлеуметтік саясатты жаңғырту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру, осал топтарды қорғау және әлеуметтік әділеттілік қағидаларын алға тарту сияқты мемлекеттік маңызы бар ғылыми міндеттерге нақты жауап береді. Сонымен қатар, диссертацияда ұсынылған цифрлық платформа мен тәжірибелік ұсынымдар Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс жүйесін заманауи талаптарға бейімдеуге бағытталған инновациялық қадамдар болып табылады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу әлеуметтік жұмыс ғылымының отандық контекстіндегі теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздерін кеңейтуге бағытталған кешенді ғылыми ізденіс болып табылады. Зерттеу жұмысының ғылымға қосқан негізгі үлесі – жас жалғызбасты аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың құрылымын, мазмұнын және институционалдық тетіктерін зерттей отырып, оның көпдеңгейлі, кешенді және пәнаралық сипатын ғылыми негізде ашып көрсетуінде. Бұл мәселе қазіргі қазақстандық ғылымда жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, өзекті әрі маңызды проблема болып саналады. Диссертацияда ұсынылған тұжырымдамалық негіздер мен авторлық интерпретациялар тек әлеуметтік жұмыс саласына ғана емес, сонымен қатар психология, педагогика, құқықтану, гендерлік саясат және әлеуметтік басқару сияқты пәнаралық салалар үшін де өзекті әдіснамалық импульс береді. Автор ұсынған модельдер мен тәсілдер әлеуметтік реадаптацияның құрылымдық компоненттерін, кезеңдерін және тиімділігін бағалауда жаңа әдістемелік

			ұстанымдар ұсынады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік ғылым әдіснамасын жетілдіруге де үлес қосады. Зерттеу нәтижелері тек теориялық жаңалықтармен ғана емес, нақты практикалық ұсынымдармен де негізделген. Автор ұсынған ұсыныстар Қазақстандағы әлеуметтік саясатты жетілдіруге, жас жалғызбасты аналарды қолдау жүйесін қайта құруға, ведомствоаралық өзара іс-қимыл тетіктерін нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби жұмысын жақсартуға бағытталған. Автордың ғылыми қызметінің нәтижелері 11 ғылыми жарияланымда көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасында индекстелген халықаралық журналдағы 1 мақала да бар. Бұл диссертациялық зерттеудің нәтижелерінің халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан да танылғанын және ғылыми құндылығы жоғары екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласына елеулі теориялық және қолданбалы үлес қосып отыр. Зерттеу нәтижелері еліміздің әлеуметтік жұмыс жүйесін дамытуда, жастар және отбасы саясатының тиімділігін арттыруда, осал топтарды әлеуметтік қорғаудың ғылыми негізделген механизмдерін қалыптастыруда өзекті және құнды болып табылады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты сауатты құрылған, зерттеудің логикалық-құрылымдық мазмұны жүйелі сипатта дамып, диссертациялық жұмыстың ізденуші тарапынан дербес және өз бетінше орындалғанын дәлелдейді. Зерттеу барысында ұсынылған идеялардың дәйектілігі, қолданылған әдістердің мақсатқа сай және орынды таңдалуы, эмпирикалық материалдың мазмұндылығы автордың ғылыми тұрғыдан қалыптасқанын**,** зерттеу

			логикасын толық меңгергенін және ғылыми-ізденіс жүргізуде өзіндік бағыты бар екенін көрсетеді. Автордың ғылыми ойлау машығы, кәсіби терминдерді қолдану дәлдігі, зерттеу нәтижелерін талдау және жүйелеу қабілеті диссертацияның бірізді құрылымын қамтамасыз етіп, ғылыми пайымның **а**вторлық даралығын айқындайды. Сонымен қатар, ұсынылған модельдер мен ғылыми негізделген ұсыныстар зерттеудің жаңалығы мен өзектілігін нақтылай түседі және оның практикалық әлеуетін көрсетеді. Жалпы, диссертациялық зерттеу жоғары ғылыми талаптарға сай**,** дербес авторлық ізденіс негізінде орындалған. Осыған сәйкес өзі жазу деңгейі - жоғары деп бағаланады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдағы маңызды бағыттардың бірі — жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау жүйесін жетілдіруге арналған. Автор зерттеу өзектілігін дәлелдеу барысында халықаралық және отандық әдебиеттерге, статистикалық мәліметтерге, нормативтік-құқықтық актілерге негізделіп, жалғызбасты аналардың әлеуметтік қайта бейімделу деңгейін жақсарту қажеттілігі мен қолдау тетіктерінің жеткіліксіздігін нақты әрі жүйелі түрде көрсете білген. Зерттеу тақырыбын мемлекеттік отбасылық-гендерлік саясат пен әлеуметтік қызмет саласындағы реформалармен тығыз байланысты зерделеу арқылы жұмыс теориялық тұрғыда негізделіп, практикалық маңыздылығы мен қолданбалы нәтижелілігі айқындалған. Қорыта келе, зерттеу жұмысының өзектілігі мазмұндық тұрғыдан жан-жақты ашылып, ғылыми тұрғыда жоғары деңгейде негізделген. Сондықтан бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі толықтай дәлелденген деп бағалауға болады.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау» тақырыбына толық сәйкес келеді, оның мақсаты мен міндеттері нақты әрі жан-жақты ашылған. Ізденуші қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес мәселелерді кешенді түрде жүйелеп, әлеуметтік қайта бейімдеудің тұтас құрылымын құрастыра алған. Теориялық бөлімде жалғызбасты аналардың пайда болу себептері, олардың әлеуметтік табиғаты мен салдары терең талданған, сонымен қатар қоғамға қайта бейімдеу мен әлеуметтік қолдау механизмдері жан-жақты баяндалған. Эмпирикалық бөлімде жүргізілген тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-стади әдістері, статистикалық мәліметтерді салыстыру және сауалнама нәтижелері негізінде жалғызбасты аналардың социореадаптациялану деңгейі жан-жақты сараланған. Сонымен бірге, диссертанттың ұсынған инновациялық моделі зерттеу тақырыбының қолданбалы маңыздылығын арттыра түседі. Жалпы алғанда, диссертация мазмұны тақырыппен толық үйлесіп, зерттеудің тұтастығы мен логикалық құрылымдылығын қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері таңдалған тақырыппен толық сәйкес келеді және тұжырымдамалық тұрғыда қисынды түрде негізделген. Ізденуші жалғызбасты аналардың әлеуметтік эксклюзивтілігі және осалдығына тоқтала келе, оларды әлеуметтік қайта бейімдеудің отандық және халықаралық тәжірибелерін саралай отырып, осы саладағы қазіргі проблемалар мен оны шешу жолдарын терең зерттеген. Қазақстандағы 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік реадаптациялаудың әдіснамалық аспектілерін айқындау, дағдарыс орталықтарының тәжірибесін зерделеу, тиімділігін бағалау және

			халықаралық және отандық тәжірибелер негізінде әлеуметтік қайта бейімдеудің цифрлық платформасын дайындап, ұсыну бағытында эмпирикалық зерттеулерді нәтижелі жүзеге асырған. Автор жүргізген эмпирикалық зерттеу нәтижелері міндеттердің әрқайсысын нақты әрі дейекті түрде орындауға мүмкіндік берген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми логикаға негізделіп, бөлімдер арасында мазмұндық тұтастық пен ішкі сабақтастықтың жоғары деңгейде болуына қол жеткізген. Әрбір тарау алдыңғы бөлімнің ғылыми тұжырымдамаларын одан әрі толықтырып, келесі талдау кезеңіне табиғи және үйлесімді түрде өтеді. Теориялық бөлімнен басталып, эмпирикалық зерттеу нәтижелері мен одан туындайтын бейімдеумоделіне ұласатын логикалық құрылым диссертацияның жүйелілігін айқын көрсетеді. Зерттеу барысында қойылған мақсаттар мен міндеттер барлық тарауларда үйлесімді әрі дәйекті түрде орындалып, қорытындылар нақты және сенімді дәлелдерге сүйенеді. Әсіресе, теориялық-әдіснамалық, аналитикалық және қолданбалы бөлімдердің өзара үйлесімі жұмыстың ішкі байланысын және логикалық тұтастығын айқын көрсетеді. Автор ұсынған инновациялық модель де диссертацияның негізгі ғылыми бағыттарымен үйлесіп, зерттеу құрылымының тұтастығы мен үйлесімділігін одан әрі нығайтады.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған ғылыми шешімдер мен әдістемелік тәсілдер кешенді сипатқа ие болып, олардың негізділігі жоғары деңгейде дәлелденген. Зерттеу барысында теориялық және қолданбалы әдебиеттерге жүргізілген сыни талдау нәтижесінде жалғызбасты аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс әдістері мен халықаралық тәжірибелер жан-жақты салыстырылып, олардың тиімділігі мен шектеулері жүйелі түрде бағаланған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	

		4) талдау жоқ.	Бұл салыстырулар тек теориялық тұрғыдан ғана емес, эмпирикалық деректер негізінде де нақты негізделген. Ізденуші жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу процесінде қолданылатын тәсілдерді сын тұрғысынан қарастыра отырып, қазіргі әлеуметтік-мәдени контекстке сәйкес жаңашыл әрі адаптивті ұсыныстар енгізген. Әдістемелік ұсыныстар қолданыстағы тәжірибелермен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен инновациялық сипаттамалары жан-жақты және дәлелді түрде сипатталған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Осы диссертациялық зерттеудің аясында келесі ғылыми жаңашылдыққа қол жеткізілген. Жұмыста жартылай жаңа (2) - шамамен 75% жаңалық ретінде бағаланатын ғылыми нәтижелер алынып, диссертациялық талаптарға толық жауап беретін төмендегі ғылыми қағидаттар мен қорытындылар ұсынылған: урбанизация мен тіркелмеген қатынастардың жастар арасында артуы жалғызбасты аналар санының көбеюіне әсер ететіні дәлелденіп, Қазақстандағы «жас жалғызбасты аналарды социоредаптациялау» түсінігі нақтыланды. Сонымен бірге заманауи жағдайда жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың халықаралық тәжірибесі салыстырып, оларды Қазақстан жағдайына бейімдеудің тиімді жолдары ұсынылды. Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау нысаны ретінде дағдарыс орталықтарының әлеуметтік маңыздылығы, оның ішінде «Ана үйі» үлгісі жүйелі түрде талданды. Жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформа әзірленді. Тұтастай алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмысты ғылым мен кәсіби тәжірибе тұрғысынан үйлестіре отырып, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарға және ұлттық әлеуметтік саясатты жетілдіруге бағытталған маңызды ғылыми үлес болып табылады.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ізденуші жүзеге асырған сапалы эмпирикалық зерттеулерге негізделген, атап айтқанда әлеуметтік жұмыс, психология және медицина салаларындағы мамандармен жүргізілген тереңдетілген эксперттік сұхбаттарға және 8 нақты кейс-стади талдауына сүйенеді. Бұл зерттеу әдістері жас жалғызбасты аналарды қайта бейімдеу қызметін жетілдірудің әлеуметтік, психологиялық, институционалдық және мәдени аспектілерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау жұмысының қазіргі жағдайын объективті бағалауға, оны жетілдірудің басым бағыттарын ұсынуға ықпал еткен. Автор ұсынған қорытындылар отандық және халықаралық тәжірибені салыстыра талдау негізінде жасалған және Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың ғылыми-тәжірибелік дамуына маңызды үлес қосатыны анық. Осыған байланысты диссертацияның қорытындылары толықтай жаңалық болып табылады және ғылыми жаңалық деңгейі жоғары деп бағаланады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеу барысында қабылданған техникалық, басқарушылық және әлеуметтік-практикалық шешімдер кешенді, пәнаралық және инновациялық сипатта. Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу тәжірибелерін талдаудың құрылымдық-ұйымдастырушылық шешімдері нақты ұсыныстармен негізделген; -Әлеуметтік қайта бейімдеу жұмысының тиімділігін арттыруға арналған инновациялық модель – цифрлық платформа әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдетіп, жүйелі қолдауға жол ашатын, аналар мен

			мамандар арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз ететін заманауи құрал ретінде ұсынылған. Сонымен қатар, зерттеу дизайны, деректерді жинау және талдау техникасы (эксперттік сұхбат, кейс-стади, сауалнамалар) - Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс саласында жас жалғызбасты аналарға бейімделіп, алғаш рет кешенді түрде қолданылды. Бұл шешімдердің барлығы отандық әлеуметтік саясат пен әлеуметтік жұмысты басқару тәжірибесінде қолдануға болатын жаңа тәсілдерді ғылыми негізде ұсынуға бағытталған. Осы арқылы автордың қабылдаған техникалық және басқарушылық шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жан-жақты дәлелдемелер мен жүйелі талдауға негізделген. Зерттеу барысындағы дағдарыс орталығы, отбасын қолдау орталықтары, «Ана үйінің» әлеуметтік қызметкерлері, емханалардың медициналық қызметкерлері, психологтар қатысқан тереңдетілген эксперттік сұхбат, жалғызбасты аналардың социореадаптациялану деңгейіне талдау жасау мақсатында жүргізілген кейс-стади әдісі, Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарында және «Ана үйлерінде» уақытша тұратын жалғызбасты аналар арасында face-to-face әдісімен жүргізілген сауалнама, топтық сауалнамалар зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігі мен шынайылығын қамтамасыз еткен. Ізденуші сонымен қатар қазақстандық және халықаралық тәжірибелерге, ҚР Ұлттық статистика бюросының дереккездеріне сүйене отырып, кең ауқымды салыстырмалы талдау жүргізген. Осы аталғандардың барлығы негізгі қорытындылардың ғылыми тұрғыдан толық делелденгенін және зерттеудің

			сапалы сипатымен үйлесетінін көрсетеді. Сондықтан диссертацияның негізгі тұжырымдары сенімді, негізделген және ғылымилық талаптарына толық сай деп есептеймін.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Ізденушінің диссертациялық жұмысында әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік институт ретінде маңыздылығы мен жас жалғызбасты аналарды қайта бейімдеудегі ролі жан-жақты талданып көрсетілген. Автор зерттеу барысында бірқатар маңызды ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды қалыптастырып, олардың мазмұны ғылыми жаңашылдық пен қолданбалы маңызымен ерекшеленеді. Біріншіден, жас жалғызбасты ананы әлеуметтік реадаптациялау бір-бірімен өзара байланысты және өзара кіріктірілген құндылық компоненттерінен тұратыны айқындалған. Қоғамда қабылданған жалпыға ортақ мәдени құндылықтар, нормалар мен дәстүрлер, екінші жағынан, жас ананың өзінің құндылық бағдарлары, өмірлік идеялары мен көзқарастары түйіскен жағдайда ғана әлеуметтік бейімдеу жұмыстарының нәтижелі болатыны сөзсіз. Бұл тұжырым жаңа, тривиалды емес, кең қолдану деңгейіне ие және ғылыми мақалада жарияланған. 2. Жалғызбасты жас аналарды әлеуметтік бейімдеуде мына жайларға басымдық берілуі тиістігі негізделген: психологиялық көмек көрсету қызметінің санын арттыру (босанғаннан кейінгі депрессияның салдарын жеңу, баланы тастап кетуге, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зиянды әдеттерге құмар аналармен психологиялық жұмыс); балалы әйелдерге арналған инфрақұрылымдар санын көбейту; жас жалғызбасты аналардың мамандық игергеннен кейін жұмысқа орналасуына көмектесетін ресурстық орталықтар қызметін жолға қою. Қағидат тривиалды емес, жаңа, кең колдануға жарамды және жарияланымда дәлелденген. 3. «Ана үйлері» мен дағдарыс орталықтарының қызметі нәтижесінде Қазақстанда жетім балалар саны айтарлықтай

		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	төмендегені, бұл мекемелердің жұмысы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және балаларды отбасылық ортада тәрбиелеу бағытында маңызды рөл атқаратыны толық тұжырымдалған. Бұл қағидат та эмпирикалық сұхбаттар арқылы дәлелденіп, тривиалды емес, жаңа көзқарас, және кең қолданыстағы тұжырым ретінде ұсынылған. 4. Жас аналарды әлеуметтік қайта бейімдеуді тиімді ететін маңызды ұсыныстарды тұжырымдаған. Нәтижелер ғылыми мақалаларда жарияланған. 5. Автор жалғызбасты аналарды социореадаптациялау – тек әлеуметтік мәселе емес, бұл ұлттың демографиясына, әлеуметтік әділеттілікке және әйелдердің құқықтарын қорғауға тікелей әсер ететін маңызды мемлекеттік міндет екенін негіздеп, кешенді, көп деңгейлі тәсіл ғана шынайы әрі тиімді нәтижеге жеткізе алатынын саралаған. Қағидат дәлелденген, жаңашыл, тривиалды емес, кеңінен қолдануға ұсынылған, және ғылыми жарияланыммен расталған. Зерттеу жұмысы нәтижесінде дайындалған цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы – әлеуметтік қызметкерлер үшін жаңа, тиімді құрал болып саналады. Бұл диссертацияның қолданбалы мәнінің айқын дәлелі. Қағидат дәлелденген, жаңашыл, тривиалды емес, кеңінен қолдануға ұсынылған, және ғылыми жарияланыммен расталған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснамалық тәсілдер мен зерттеу стратегиялары толық негізделіп, автор зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес, ғылыми аппаратты, зерттеу пәні мен нысанын дәл айқындаған. Зерттеу әдістері - сапалы интервьюлер, кейс-стади әдісі, дескриптивтік және салыстырмалы талдау - диссертация құрылымымен тығыз байланысты және алға қойылған міндеттерді шешуге ықпал еткен. Әдістерді таңдау кезеңінде автор отандық және халықаралық тәжірибелерді жан-жақты зерттеп, олардың
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

			ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдаған. Бұл тәсіл теориялық негіздер мен практикалық қолданбалар арасындағы үйлесімділікті күшейтуді қамтамасыз етеді. Ұсынылған әдістемелік қағидаттар логикалық тұрғыда айқындалып, эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен бекітілгендіктен, зерттеудің ішкі құрылымы мен ғылыми дәлдігі сенімді түрде қамтамасыз етілген. Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыста пайдаланылған барлық дереккөздер мен зерттеу әдістері жүйелі түрде дәйектеліп, теориялық және қолданбалы компоненттердің өзара байланысы толық және ғылыми тұрғыдан негізделген түрде көрсетілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыста тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-талдау, сауалнамалар және ғылыми-метрикалық талдаулар жүргізілді. Бұл мәліметтер компьютерлік технологиялар көмегімен визуализацияланып, интерактивті диаграммалар мен инфографикалар арқылы түсіндірілді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық зерттеу әлеуметтік жұмыстың теориялық тұжырымдамалары мен құрылымдарын терең мазмұндық талдау негізінде жүйелеуді қамтамасыз етіп, зерттеу нысаны мен пәніне қатысты жаңа өзара байланыстар мен заңдылықтарды анықтады. Бұл теориялық қорытындылар кең ауқымды эмпирикалық мәліметтермен: тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, сауалнамалар және ғылыми-метрикалық талдаулар негізінде дәлелденді. Зерттеу нәтижесінде анықталған маңызды тұжырымдар мыналарды қамтиды: әлеуметтік жұмыстың жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау қызметіндегі институционалдық рөлі; жас жалғызбасты аналарды психоәлеуметтік қолдаудағы мәдени және әлеуметтік
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			факторлардың ықпалы; әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби идентификациясына әсер ететін факторлар жүйесі; ведомствоаралық өзара әрекеттесудің құрылымдық қажеттілігі мен оның әсері. Аталған қорытындылар теориялық және эмпирикалық мәліметтердің триангуляциясы арқылы жан-жақты негізделіп, диссертацияның ғылыми жаңалығы мен қолданбалы маңыздылығын айтарлықтай арттырады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар кең ауқымды заманауи және сенімді академиялық әдебиеттерге негізделген. Автор зерттеу барысында: • жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу және қолдау мәселелері бойынша халықаралық тәжірибелерді; • әлеуметтік жұмыс саласындағы классикалық және қазіргі заманғы ғылыми еңбектерді; • Қазақстандық және шетелдік рецензияланған ғылыми журналдарда жарияланған мақалаларды; • әлеуметтік жұмыс теориялары мен практикасына қатысты пәнаралық зерттеулерді кеңінен және дәл қолданған. Осылайша, диссертациядағы дәйектілік пен сенімділік қамтамасыз етіліп, зерттеу мазмұнының ғылыми дәлдігі мен сапасы арттырылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Автордың диссертациялық жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі мазмұндық және сандық тұрғыдан толық әрі жан-жақты қамтылған. Автор зерттеу тақырыбына сай заманауи, теориялық және эмпирикалық деректерді кең ауқымда талдап, тақырыптың көпқырлы ғылыми аспектілерін ашуға мүмкіндік жасаған. Әдебиеттер қорында:

			• халықаралық және ұлттық деңгейдегі рецензияланған ғылыми журналдардағы мақалалар; • монографиялар; • халықаралық ұйымдардың ресми есептері; • отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері бар. Жалпы саны 150-ге жуық әдеби дереккөзден тұратын бұл жинақ зерттеуге қажетті теориялық базаны қалыптастырып, салыстырмалы талдау жүргізуге мол мүмкіндік береді. Сондықтан, әдебиеттер тізімі диссертацияның ғылыми негізін беруге және оның сапасын арттыруға толық сәйкес келеді деп бағаланады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Автордың диссертациялық жұмысы теориялық тұрғыдан маңызды және әлеуметтік жұмыстың қоғамдық қабылдануын жан-жақты талдаумен ерекшеленеді. Бұл зерттеу әлеуметтік жұмыстың тұжырымдамалық және әдіснамалық негіздерін жаңа деңгейде дамытып, оның институционалдық сипатын, кәсіби мәртебесін және әлеуметтік қызметкерлердің ролінің өзгеруін ғылыми негізде қарастырады. Сонымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік жұмыстың қабылдану ерекшеліктері жан-жақты қайта зерттеліп, сала теориясының кеңеюіне және әлеуметтік ғылымдар жүйесінде оның дербес бағыт ретінде бекуіне ықпал етеді. Жұмыстағы негізгі қорытындылар қазіргі Қазақстанның әлеуметтік трансформация жағдайында өзекті болып табылады және болашақ ғылыми ізденістер үшін маңызды тұжырымдамалық-әдіснамалық платформа қызметін атқара алады. Бұған қоса, диссертация нәтижелері әлеуметтік саясатты ғылыми тұрғыдан қолдау, әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жақсарту және оның қоғамдағы беделін арттыруға бағытталған теориялық ықпалдастық ретінде қарастырылады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Автордың зерттеу нәтижелері жас жалғызбасты аналардың социореадаптациялану процесінің нәтижелілігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстарды қамтиды. Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен әзірленген модель өмірлік нақты жағдайларға бейімделген, бұл зерттеудің қолданбалы құндылығын айқындайды. Диссертация материалдары отбасы әлеуметтануы мен гендерлік әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық саясат бойынша арнайы курстар дайындауға теориялық негіз бола алады. Сонымен бірге зерттеудің нәтижелері мен құралдары жас жалғызбасты аналардың проблемалары бойынша мониторингтік және басқа да зерттеулер жүргізу және социореадаптация жұмысын оңтайлы жүргізу үшін ақпараттық-технологиялық тұғыр болуы мүмкін. Диссертацияда ұсынылған ережелер мен тұжырымдарды қолдану отбасылық және гендерлік қатынастар ортасында, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық кеңес беру практикасында социореадаптациялау процестерін әлеуметтік тұрғыдан басқару тетіктерін жақсартуға ықпал ете алады. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зор әрі жоғары деңгейде бағаланады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, өйткені олар жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу барысында ведомствоаралық өзара әрекеттестікке, кешенді әлеуметтік-психологиялық қолдауға, мәдени контекске бейімделген тәсілдерге, әдістемелік құралдарға негізделген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық жазу деңгейімен ерекшеленеді. Зерттеуші күрделі әлеуметтік-ғылыми категориялар мен ұғымдарды нақты әрі жүйелі түрде талдап, ғылыми стиль талаптарын ұтымды сақтаған. Ғылыми терминология мен тұжырымдар жас жалғызбасты
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			аналарды социореадаптациялау тақырыбына толық сәйкес келеді және зерттеу идеялары мен аргументтерінің түсінікті әрі айқын баяндалуына ықпал етеді. Жұмыстың құрылымы логикалық тұтастық пен бөлімдер арасындағы мазмұндық байланыс арқылы бірізділікпен сипатталады. Әдебиеттерге жасалған сілтемелер сауатты әрі дәл келтіріліп, тұжырымдар нақты әрі сенімді дәлелдермен бекітілген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін баяндауда ғылыми нақтылық сақталып, категориялар дәл таңдалып, тақырыпқа сай академиялық лексика қолданылған. Осы факторлардың барлығы диссертацияның ғылыми деңгейінің жоғары екенін растайды.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертациялық жұмыста жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесі аясында маңызды мәселелер көтерілген. Осы іске тікелей жүргізуге жауапты әлеуметтік қызметкерлердің жұмыс барысында кездесетін қиындықтарын нақтылау диссертация мазмұнын толықтырар еді. 2. Диссертациялық жұмыста жалғызбасты аналарға әлеуметтік көмек көрсету, қолдау, бейімдеудің халықаралық тәжірибелеріне талдау жасалынған. Дегенмен, болашақта ұлттық менталитет ерекшеліктерін ескере отырып, нақты қайта бейімдеу мысалдарын ұсыну артықтық етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Автордың жариялаған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеудің теориялық-эмпирикалық негіздерін қалыптастыратын өзекті мәселелерді қарастырады және зерттеудің құрылымдық міндеттерін жан-жақты ашуға бағытталған. Мақалаларда Қазақстандағы 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау тәжірибелері мен мәселелері, сондай-ақ осы топты социореадаптациялаудағы халықаралық тәжірибелердің әдіснамалық тетіктері талданған. Сонымен қатар, республикалық деңгейде жалғызбасты аналарды қолдауға

			бағытталған үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың қызметі сараланып, жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау объектісі ретінде дағдарыс орталықтарының қызметі бағаланған. Зерттеуде 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналардың социореадаптация процесіндегі қиындықтары кешенді түрде анықталған. Мақалаларда қолданылған сапалы зерттеу әдістері: тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-талдау, ғылыми-метрикалық және салыстырмалы талдау қазіргі әлеуметтік ғылымдардың талаптарына толық сай келеді және докторанттың дербес ғылыми ізденісін растайды. Әрбір мақалада теориялық тұжырымдар эмпирикалық деректермен ұтымды байланыстырыла отырып, жүйелі ғылыми аргументациямен ұсынылған. Докторанттың мақалалары беделді халықаралық және отандық ғылыми журналдарда жарық көріп, зерттеу нәтижелерінің ғылыми қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланғанын дәлелдейді. Бұл жарияланымдарда ғылыми жаңалық элементтері, теориялық маңыздылығы мен практикалық қолданбалығы нақты әрі дәйекті түрде көрініс тапқан. Жалпы алғанда, докторанттың ғылыми мақалалар сериясы диссертациялық зерттеу мазмұнымен толық сәйкес келеді, жоғары ғылыми деңгейде орындалған және философия докторы (PhD) дәрежесін алу талаптарына толық сай келеді деп бағаланады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыста «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбының өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы жан-жақты әрі толық қамтылған. Зерттеу сапалы әдістемелік негізде жүргізіліп, алынған нәтижелер ғылыми дәлелділікке ие болып, нақты қолданбалы сипатта ұсынылған.

			Автор 18-35 жас аралығындағы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісіне әсер ететін факторларды кешенді түрде зерттеп, әлеуметтік жұмыстың бұл саласындағы өзекті мәселелерді анықтады. Сонымен қатар, зерттеу барысында халықаралық және отандық тәжірибелерді салыстыра отырып, жаңа, контекстуалды бейімделген әдістер мен ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделіп, әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыруға, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дамуына және қоғамдағы беделін нығайтуға бағытталған. Ізденушінің ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбымен тығыз байланысты, жоғары сапада дайындалып, халықаралық және отандық рецензияланған журналдарда жарияланған. Бұл жарияланымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын және ғылыми жаңалықтың нақты элементтерін қамтитынын дәлелдейді. Диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы, ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы жағынан «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік саясатты жетілдіруге, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін реформалауға және жас жалғызбасты аналарды қайта бейімдеуді тиімді ұйымдастыруға бағытталған практикалық ұсыныстар ретінде жоғары бағаланады. Осы тұрғыда, диссертация Қазақстанның әлеуметтік гуманитарлық ғылымдарының дамуындағы маңызды ғылыми үлес болып табылады.

Шешімі: 8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс саласындағы өзекті мәселелерді терең әрі жан-жақты зерттеуге бағытталған. Жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде ашылып, әлеуметтік қолдаудың кешенді модельдерін құруға және олардың қолданбалы тиімділігін дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбы өзектілігін әлеуметтік өзгерістер мен Қазақстанның отбасылық-гендерлік саясатының даму контекстінде негіздеп, халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге, нормативтік-құқықтық құжаттар мен статистикалық деректерге сүйену арқылы жан-жақты қарастырылған. Автор зерттеуде теориялық негіздемелерді эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен (тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, сауалнамалар, ғылыми-метрикалық талдаулар) тұжырымдап, әлеуметтік жұмыс пен психология, медицина салаларындағы мамандармен ынтымақтастықта қарастырылған мәселелердің кешенді сипаттамасын ұсынған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми логикаға сәйкес үйлестіріліп, бөлімдер арасында ішкі сабақтастық пен мазмұндық тұтастық толық сақталған. Зерттеу мақсаты мен міндеттері жүйелі орындалып, теориялық, әдіснамалық және қолданбалы бөліктер арасында үйлесімділік пен өзара байланыс бар. Автордың ұсынған инновациялық модельдері мен практикалық ұсыныстары әлеуметтік жұмыс саласындағы заманауи талаптарға жауап береді және әлеуметтік қызметтің сапасын арттыруға бағытталған.

Зерттеу әдістерін таңдаудағы сыни тұрғыдан талдау және отандық, шетелдік тәжірибелерді салыстыру ғылыми сенімділікті арттырып, жұмыс мазмұнының жаңашылдығын қамтамасыз етеді. Әдебиеттер тізімі кең әрі әртүрлі көздерден құралған, бұл диссертацияның теориялық негізін нығайтады.

Автор жариялаған ғылыми мақалалар диссертациялық зерттеудің мазмұны мен құрылымына толық сәйкес келіп, жоғары академиялық деңгейде орындалған және беделді халықаралық және отандық ғылыми басылымдарда жарияланған. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми қоғамдастық тарапынан мойындалғанының айқын дәлелі.

Жалпы, диссертациялық жұмыс жоғары академиялық жазу мәдениетімен, ғылыми жаңалықтармен және қолданбалы нәтижелермен ерекшеленеді. Ол «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және Қазақстандағы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарға маңызды үлес қосады.

Ресми рецензент:
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
NARXOZ Университеті,
Гуманитарлық мектебінің профессоры

Маульшариф М.